

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі «Қанипа Бітібаева академиясы» педагог қызметкерлердің кәсіби-шығармашылық әлеуетін дамытуды зерттеу және ғылыми-білім беру институтының 2025 жылы 8 шілде №02-08/3 санды хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 2 парақта

Басшының м.а

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Абдиева
Телефон: 87474736727

«ҚАНИПА БІТІБАЕВА АКАДЕМИЯСЫ»
ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН
ДАМУДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ»
МЕКЕМЕСІ



УЧРЕЖДЕНИЕ
«АКАДЕМИЯ КАНИПЫ БИТИБАЕВОЙ»
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ И
ИССЛЕДОВАНИЯ РАЗВИТИЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ТВОРЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
РАБОТНИКОВ»

050027 Алматы қ-сы, Наурызбай ауд-ы,
Ақжар ы-а, БСТК Малинка №9
Тел.: +7777 040 68 28
e-mail: bitibayeva.academy@mail.ru

050027 г.Алматы, Наурызбай р-н, мкр.Ақжар,
ПКСТ Малинка №9
Тел.: +7777 040 68 28
e-mail: bitibayeva.academy@mail.ru

Шығыс хат: №02-08/3
2025 жылғы 08 шілде

**Облыстардың, Астана, Алматы,
Шымкент қалаларының білім
басқармаларының басшыларына**

**Аудандық (қалалық) білім
бөлімдерінің басшыларына**

Академия әкімшілігі «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 Заңының 4-бабын, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңын басшылыққа ала отырып тұңғыш рет «**БІЛІМ АДАМЫ**» Республикалық ғұмырнамалық ғылыми-әдістемелік басылымын шығаруды жоспарлауда. ҚР Оқу-ағарту министрлігі озық педагогикалық тәжірибені жариялау үшін ұсынған (№162). «Қанипа әлемі» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының арнайы энциклопедиялық саны ретінде жарық көреді.

Жинаққа меншік нысанына қарамастан еліміздің барлық өңірлеріндегі мектепке дейінгі, негізгі және жалпы орта білім беретін, техникалық және кәсіптік білім беретін, қосымша және арнайы білім беру ұйымдарындағы педагогикалық еңбек өтілі 12 жылды құрайтын «педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» санатындағы қызметкерлер енгізіледі.

Өтініш беру және жариялану, сондай-ақ марапаттау ақысыз негізде жүзеге асырылады. *Аталған энциклопедиялық жинақ ҚР Әділет министрлігінің авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген және 28.10.2024 жылғы №52227 куәлігі берілген.*

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті ұсынған басылымдар тізіміне енгізілген (№162).

Іріктеуге қатысу үшін 2025 жылғы 15 шілде – 2025 жылдың 28 тамызы аралығында өтініштер қабылданады.

3Т-2025-0229758
4.07.2025 ж.

Конкурстық комиссияның шешімімен арнайы бағалау жұмыстары жүргізіліп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығына сәйкес озық педагогикалық тәжірибесі таратылғандығын растайтын алғыс хаттар мен сертификаттар табысталады. Үйлестірушіге (ұйымдастырушыға) алғыс хат беріледі. Педагогтердің материалдарын (портфолиосын) бағалау парағындағы "3.3. Зерттеу қызметі (тәжірибені зерделеу) негізінде баспасөздегі жарияланым" бөлімінің талаптарына сәйкес, бұл материал республика деңгейінде жарияланған басылым ретінде аттестацияға жарамды болып табылады.

Жоғарыда аталғандарды баяндай келе Сізден білім басқармасына (немесе білім бөліміне) қарасты барлық білім бөлімдерінің, мектепке дейінгі, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізіп, аталған тегін ұйымдастырылып жатқан шараға ұйымдағы үздік қызметкерлердің қатысуларын қамтамасыз етуіңізді сұраймын.

Ескерту: Аталған республикалық басылымды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығымен бекітілген конкурстар тізімімен шатастырмауларыңызды сұраймыз. Бұл жоба байқау емес, Оқу-ағарту министрлігі тарапынан ұсынылған мерзімді басылым болып табылады. Басылым туралы мәліметтермен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайтынан танысуға болады.


Қосымша: 8 бетте.

Академия директоры
ХАА академиясы



Шүйіншәлі А.С.

Орынд.: К.Шугаев
+7777 040 68 28



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2025 жылы 14 шілде №01-04/790 санды хаты негізінде

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы «Қанипа Бітібаева академиясы» педагог қызметкерлердің кәсіби-шығармашылық әлеуетін дамытуды зерттеу және ғылыми-білім беру институтының «Қанипа әлемі» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы туралы хатын ақпарат ретінде жолдайды.

Қосымша: 7 парақта

Басшының м.а

Б.Самылтыров

орындаған: Г.Абдиева
телефон: 87474736727